

**Маuletбекова Бұлбұл Қусманқызының**

**8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» білім беру  
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған  
«Ыдыратқыш құрылғыларды қолдана отырып кәдеге жарату үшін технологиялық  
ұнғымалардың пайдаланылған бұргылау ертінділерін фракциялау процесінің  
тиімділігін арттыру» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына  
отандақ ғылыми жетекшілік**

**ПІКІРІ**

Докторант Б.К. Маuletбекованың «Ыдыратқыш құрылғыларды қолдана отырып кәдеге жарату үшін технологиялық ұнғымалардың пайдаланылған бұргылау ертінділерін фракциялау процесінің тиімділігін арттыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы технологиялық ұнғымалардың пайдаланылған бұргылау ертінділерін кәдеге жаратумен байланысты маңызды ғылыми-тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған өзекті зерттеу болып табылады.

Жұмыста пайдаланылған бұргылау ертінділерін сұйық және қатты фазаларға бөлуге арналған ыдыратқыш құрылғыны әзірлеу қажеттілігі негізделген, бұл осы бағыттың жеткіліксіз зерттелуіне байланысты болып табылады.

Докторант Б. К. Маuletбекова пайдаланылған сазды бұргылау ертінділерін кәдеге жаратудың қолданыстағы әдістеріне, сондай-ақ оларды өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қолдануға кешенді талдау жүргізді. Жұмыста пайдаланылған бұргылау ертінділерінің құрамының ерекшеліктері, олардың компоненттерінің кәдеге жарату процессине эсері, сондай-ақ осы процесстің экологиялық және технологиялық аспекттері қарастырылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жағалығы келесідей:

1. Жоғары дисперсті ПБЕ болшектерінің тұрақтылығының аналитикалық тәуелділіктері анықталды, сонымен қатар әртүрлі физика-химиялық қасиеттері бар сұйықтықтардагы фракциялардың тұндыру кезеңдері есептелді;

2. Пайдаланылған бұргылау ертіндісінің алдын ала кавитациялық-гидродинамикалық және гидромеханикалық тиімділігі есебінен ыдырату процесінің тиімділігін арттырудың іргелі мүмкіндігі дәлелденді;

3. Ыдыратқыш құрылғы конструкциясының оңтайлы параметрлері анықталды және оның реагенттердің белсендірілуін жеделдетуге және ертіндіні фракциялау процессин жеделдетуге ықпал ететін ертіндіні беретін сорғы жабдықтарымен өзара әрекеттесуінің ең тұрақты режимдері негізделген;

4. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, осындағы конструкциялы ыдыратқыш қолдана отырып, пайдаланылған бұргылау ертіндісінің кавитациялық-гидродинамикалық және гидромеханикалық активтенуі флокулянт реагенттерінің шығынын 15-30% – ға төмендетуге және сұйық және қатты фазаларға боліну уақытын 25-40% – ға қысқартуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері Scopus дерекқорында CiteScore бойынша Q2, Q3 процентильдерге сәйкес келетін 2 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда 3 мақала, халықаралық конференцияларда 1 баяндама жарияланды.

«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАГЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Диссертацияғының мазмұнды талдаумен сипатталады. Алынған нәтижелер үлкен тәжірибелі маңызға ие, ейткені әзірленген әдістеме мен техникалық шешімдерді өнеркәсіптік масштабта пайдаланылған бүргылау ерітінділерін кәдеге жарату процесстерін оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, Б.К. Маuletбекованаң докторлық диссертациясы жоғары кәсіби деңгейде орындалған терең, өзекті және инновациялық ғылыми зерттеу болып табылады.

Жұмыс барысында докторант жоғары дәрежедегі еңбекқорлықты, мақсаттылықты және ғылыми дербестікті көрсетті. Ол қойылған міндеттерді шешуге жүйелі қозқарасты, ғылыми ақпараттың үлкен көлемін талдау және түсіну, сондай-ақ зерттеудің заманауи әдістерін тиімді қолдану қабілетін көрсетті.

Маuletбекова Бұлбұл Қусманқызының «Ыдыратқыш құрылғыларды қолдана отырып кәдеге жарату үшін технологиялық ұғымалардың пайдаланылған бүргылау ерітінділерін фракциялау процесінің тиімділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия доктора (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және де, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға сәйкес келеді, ал жұмыстың авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Отындық ғылыми кеңесші:

т.ғ.к., «Технологиялық машинадар және жабдықтар»

кафедрасының менгерушісі,

Ә. Бұркітбаев атында. ЭжМЖИ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» ҚeАҚ

Б.З.Калиев

